

ЩЕРБАКТИНСКИЙ РАЙОН

ТРИБУНА

Общественно-политическая газета

Основана 12 сентября 1931 года

Солнце: Восход 7.35
Заход 18.25
Долгота дня: 10.49

14
октября
2010

№ 42 (8273)

Луна: Восход - 14.47
Заход - 23.10

Орман - тіршілік нәрі

17 миллион халық бар Қазақстанда 130-ға жуық ұлт пен ұлыс өкілдері тіршілік етеді. Республика халқының 43 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Ел аумағы 2 миллион 724 мың 900 шақырым жерді алып жатыр, әлем бойынша 9-шы орынды алып отырмыз. Мемлекеттің ауыл шаруашылық мақсаттағы жер аумағы – 85 миллионға, соның 23 миллион гектары егіс алқаптар болса, орман аумағы небәрі 4 пайызды ғана құрайды екен. Әрине біздің халқымыздың көрсеткішіне бұл пайыз да жетерлік десек, ертен ойламаған жетесіздің тірлігі болар еді. – Иә, өзге не істей аламыз деп, қол қусырмай осындай мәселенің артында болашаққа жол ашатын маңызды іс жатқанын да ұмытпағанымыз жөн.

Ашып айтар болсақ жер планетасының газсырлар бойы барша жануарлар дүниесі мен адамзат баласы үшін тіршіліктің негізгі көзі – таза ауа екені тағы бар. Географиялық тұрғыдан үңілер болсақ ауа – тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Бізді қоршаған ауа қабатының 20,9 пайызы осы оттегіден тұрады, ол тұрақты ең қажетті газдың бірі. Сол оттегін бөліп шығаратын негізгі жасыл фабрика – көпжылдық ағаштар.

Міне, істің мән-жайы енді түсінікті болайын деген шығар, қазіргі жағдайда Қазақстан аумағының 3,8 пайызын орманды жер алып жатыр. «Қазақстан 2030» стратегиясында бұл көрсеткішті 5,1 пайызға дейін жеткізу жоспарланған. Дегенмен «нәле айтып кеспейді», дейді атам қазақ. Кейбір деректерге назар аударсақ, соңғы жылдары республикамыздың орман қоры аумағында 2257 орман өрті орын алған. Бұл алаңдатарлық жағдай. Бұған себеп 70 пайызы отты дұрыс пайдаланбаудың салдарынан болады. Яғни, сірңікенің бір шырпы талынан немесе сөндірілмей жерге лақтырылған темекінің тұқылынан басталған өрт алапат тілсіз жауға ұласып, оның соңы орасан зор шығын әкеледі. Шарбақты ауданында «Ертіс орманы» мемлекеттік орман резерваты мекемесі орналасқандықтан мұндай алапат өрт туралы аудан тұрғындары жақсы біледі.

Соңғы жылдары республикамызда 2257 орман өрті орын алғанын жоғарыда атап өттім. Осының салдарынан 4 миллион текше метрге жуық орманды алқаптың ағаштары жойылған екен. Ірі

орман өртітері Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан облыстарында болды. Тағы бір атап өтерлігі орманға төнген қатер өртені ғана шектелмейді. Зиянкестердің зиянды әрекеттері тағы бар. Осы саламен шұғылданатын мамандар 50 мың гектар орман алқабында зиянкестер мен ағаш аурулары бар екенін анықтаған.

Қазақстанның солтүстігіндегі өзендерді жағалай өскен ормандар мен өзендеріндегі тоғайлар жеке-жеке алқаптар болып есептеледі. Барлық таулы жерлердегі ормандардың топырақ пен су қорғауға тигізетін әсері көп. Олардың арқасында тау бөктерлерінің шымы қалпында сақталып, су ағысы біркелкі мөлшерде реттеліп отырады.

Орманның жойылуының соңы үлкен экологиялық апаттарға әкеліп соғалы. Мұның салдары өте ауыр. Сондай-ақ орманның азып-тозуы антропогендік және табиғи факторлардан туындайды. Мысалы, егістік алқан үшін деп Сырдарияның суын шамадан тысқары пайдаландық. Әрине, егінмен шұғылданған да жөн. Дегенмен, осының салдарынан жер асты суларының деңгейі төмендеп, бұғалы ағаш өсімдіктерінің жағдайы нашарлап, бұл жер сексеуіл өсіруге жарамсыз болып қалды. Малды жөңсіз бағудан шөлейттегі орман да едәуір зардан шекті. Далалық орман, ең алдымен аса бағалы қарағайлы орман ретсіз кесуінен, өрт әкелген шығыннан таусылып барады. Сондықтан республика ормандарында қалыптасқан экологиялық нашар ахуал және тозу процесстері орман ресурстарын сақтап, ұтымды пайдалану жөнінде шұғыл және кесімді шараларды қабылдауды талап етеді. Осыған орай Орман Кодексі қабылданғаны белгілі.

Жаңадан қабылданған Орман кодексі Қазақстан Республикасының құқықтық және экологиялық жағынан орманды қорғауға, шаруашылықты ұғымды жүргізуге ынталандыруды белгілі шамада арттырды. Республикамыздың орманмен қамтылған алқаптарында 382,3 миллион Қазақстан облыстары бойынша орман алқабының ең жоғарғы көрсеткіші - Қызылорда (3078,6 мың га.), Жамбыл (2209,1 мың га.), Алматы (1801,8 мың га.) және Шығыс Қазақстан облыстары (1799,2 мың га.), ең төменгі көрсеткіші – Атырау (15,7 мың га.), Ақтөбе (47,5 мың га.), Батыс Қазақстан (98,7 мың га.) және Маңғыстау (122,7 мың га.) облыстарында

Соңғы алты жылдағы еліміздің орман шаруашылығы, оның ішінде ағаш дайындау және осыған байланысты қызметкердегі өнім, орманды қалпына келтіру іс – шаралары және т.б. көрсеткіштер жылдан-жылға өсуін тоқтатпақ емес.

Халық шаруашылық маңызы бойынша Қазақстан ормандарын үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жататын ормандар 18,7 миллион гектарды алып жатыр. Бұларға егістік қорғауға арналған, топырақ қорғау, су қорғауға арналған орман алқаптары, қалалар мен өндіріс орындарының айналасындағы, курорттық ормандар, өзендер, тас жол, темір жол жиегіндегі және мемлекеттік қорықтардың ормандары жатады. Бұл ормандарды кесуге тыйым салынған. Тек күтіп баптау, газалық және орманды қалпына келтіру кезіндегі кесулер ғана жүргізіледі. Бірінші топқа жататын ормандарды қорғауда оларды тиімді пайдалану мен өсірудің маңызы зор.

Қазақстан ормандарының басым көпшілігі – Тянь-Шаньның таулы ормандары. Ертіс маңындағы таспалы тоғай, Қазақстан қатпарлы өлкесінің қарағайлы-қайыңды ормандары. Солтүстік Қазақстанның қайыңды ормандары, тоғайлар мен сексеуіл ормандары.

Екінші топқа су қорғауына алынған ормандар, аз орманды, орташа орманды жерлердің орындары жатады. Бірақ ағашты кесу мөлшері жылдық өсімге сәйкес анықталады. Қазақстанда бұл топқа 591 мың гектар жерді алып жатқан Шығыс Қазақстан облысының жерлері жатады.

Үшінші топқа орманды жерлерде орналасқан барлық ормандар кіреді. Бұл жерлерде өндірістік орман дайындау жұмыстары жүргізіледі. Республикамызда оларға Кенді Алтайдың таулы ормандары, Шығыс Қазақстан облысында – 1,5 миллион гектар жерді алып жатқан ормандар кіреді. Сексеуілдің үлесіне барлық ормандардың аумағының 50 пайызы сәйкес келгенмен, олардағы ағаш қоры бар болғаны 2,1 пайыз ғана. Бағалы қылқанжапырақты ормандар Алтай мен Тянь-Шаньда. Ертіс маңындағы таспалы тоғай мен Қазақстанның қатпарлы өлкесінде өседі.

Ағаш қоры мен көлемі бойынша Шығыс Қазақстанның қылқанжапырақты ормандары бірінші орында. Олар сәмирсын, шырша ағаштарынан тұрады. Екінші орында шоқ қарағайлы ормандар, үшінші орында – Тянь-Шань шыр-

шасынан тұратын таулы ормандар тұр.

Орман шаруашылығының ғылыми-зерттеу институтының есептеулері бойынша Қазақстанның облыстарында болашақ қорғаныштық ормандар отырғызу қажет.

Солтүстік Қазақстан облысында ормандарды егістік жерлердің көлемінен 1,6 пайызға жеткізу, Павлодарда – 4,0 пайыз, Ақмолада – 3,8 пайыз, Ақтөбеде – 3,9 пайызға жеткізу жобаланған.

Егістікті қорғайтын ормандардың көлемін солтүстік және батыс облыстарда 3,3 пайызға дейін көтеру керектігі де қолға алынууда. Соңғы жылдарда елімізге жаңа орман алқаптары қосылуда, осы уақытқа дейінгі анықтамаларда Қазақстандағы орман алқабы 0,1143 миллион шаршы шақырымды құраса, ендігі жерде үрлі шаралар қолға алынып елбасы жоспарымен жалғасын табуда. Елім, жерім деген патриот жастарымыздың «Жасыл ел мен жарқын болашаққа» ұранымен 2004-2007 жылы құрылған «Жасыл ел» бағдарламасы аясында біршама іс тындырылып келеді.

Шарбақты ауданың оңтүстік шығысы мен оңтүстік алқаптары орманды өлкеге жатады. Мұнда өте сирек кездесетін қарағай өседі. Мамандардың айтуына қарағанда суға төзімді, шайырлы қызыл қарағай элементі екі ғана елінде өсетін болса, соның бірі – Шалдай орманы екен. Бұдан басқа мұндай қарағай Канада жерінде бар. Осыдан жүздеген жыл бұрын Россияның ұлы патшасы І Петр сибірдің ну орманына назар аудармай кеме жасайтын қарағайды қазақ жерінен ашдырған екен. Бұл біздің өсетін қарағайдың құрылыс материалы ретінде пайдалануға сапалы екенін дәлелдейді.

Біздегі орман деп жүрген ағашты алқаптардың он пайызы, демек, 1 миллион гектары кезінде қолдан отырғызылған орман. Сыңсыған тропика бізде жоқ, эвкалипт тоғайлары да жоқ. Бары аралас ормандар, шырмаудан шығатын бір ғана жол – қолдан ағаш отырғызу. Ұлы даналарымыздың «Бір тал кескен он тал ес» деген қанатты сөзін жүзеге асыру. Осы орайда біздің бабаларымыздың мал бағумен ғана шұғылданбай орман бақ-



тарын өсіруге ерекше назар аударғанын айта кеткен жөн. Тарихи деректерге назар аударсақ, 1841 жылы Жәңгір хан өзінің әрдасының маңын көгалдандыруды қолға алып, орман училищесін құрды. Және бұл іске халықты жұмылдырылды. Қазіргі Батыс Қазақстанның Бөкей Ордасы ауданына қарасты 80 мың гектардан астам аумақты алып жатқан орманды алқап – Жәңгір ханнан қалған ұлы мұра. Бұдан кейін Жәңгір ханның ұрпақтары да орман бақтарын өсіріп, ағаш отырғызумен шұғылданды. Ал, елордасы Алаудың бөктерінен Астанаға көшкенде Мемлекет басшысы Н. Назарбаев еліміздің бас қаласының іргесінен бастау алатын орман өсіру жұмысын қолға алды. Қазір бұл жұмыс жүйелі түрде жалғасын тауып келеді.

Орман – тіршілік нәрі. Егер де біз орманды аялап, ағаш өсірумен шұғылданатын, кесіп-өтіп бір талдың орнына он тал егетін болсақ, келесі ұрпақтарымыз жасыл желекке бөленген қазақ жерінде өмір сүретін болады. Ендігі мақсат – орманды көздің қарашығындай сақтай отырып, оның аумағын кеңейте беру.

**Молдір БАЙМАХАНБЕТОВА,
Шарбақты селосы.**